

Мөрдін
орны

Қорытынды аттестаттау емтихан материалдары
Пән: Қазақ тілі мен әдебиеті (оқыту қазақ тілінде емес)
Бағыты: Оқу жүктемесі төмендетілген
Білім беру ұйымының атауы: _____
Сынып: 9 Литер: ____
Білім алушылардың аты жөні: _____

**Жалпы білім беретін мектептерге (арнайы) арналған
қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша қорытынды аттестаттау
9-сынып
2-нұсқа**

1-тапсырма. Төменде берілген мәтінді мұқият оқыңыз.

Менің елім- Қазақстан

Менің елім- Қазақстан. Қазақ жері неткен көркем, неткен бай! Елі үлкен, жері ұлан- ғайыр. Қазақстан картасын қараңдаршы: оның үлкен, ұлан- ғайыр екеніне көз жеткізесің. Қазақстан Шығыс Еуропа мен Орталық Азияда орналасқан мемлекет. Жер көлемі-2,7миллион шаршы шақырым. Жер көлемі жағынан әлем елдерінің ішінде 9-орын алады. Қазақстан солтүстікте Ресеймен, оңтүстікте Түрікменстанмен, Өзбекстанмен, Қырғызстанмен, шығыста Қытаймен, батыста Каспий теңізімен шектеседі. Қазақстанда 19 миллионнан астам адам, шамамен 130-дан астам этнос тұрады.

Қазақстан-табиғи ресурстарға өте бай мемлекеттің бірі. Менделеев кестесіндегі 105 элементтің 99-ы қазақ жерінен табылған. Мұнай қоры бойынша 30-орынды алтын қорлары бойынша әлемде 15-орынды, ураннан 2-орынды алады.

Астана қаласы әлемнің ең жас елордасы болып есептеледі. 1998 жылы ЮНЕСКО бас қаланы «Бейбітшілік қаласы» деген атауға сай деп танып, медальмен марапаттады. Бразилияда өткен дүниежүзілік байқауда әлем бойынша 12 жас қаланың ішінен Астана жоғары атақты иеленді. Ал 2012 жылы елордаға «ТМД мен Түркі әлемінің мәдени астанасы» мәртебесі берілді.

Әлемдегі ең биік түтін мұржасы Екібастұз қаласында орналасқан. Оның биіктігі- 420 метр. Ол Эйфель мұнарасынан 100 метр биік. Байқоңыр-әлемдегі бірінші және ең үлкен ғарыш айлағы. «Байқоңыр» ғарыш айлағынан бірінші рет адамзат ғарышқа ұшқан. Ол Қазақстан жерінде Төретам кентіне жақын ауданда орналасқан. Көлемі 6717 шаршы шақырым. Медеу- әлемдегі ең биік орналасқан жасанды мұз айдыны. Мұнда 170 әлемдік рекорд орнатылған.

Орталық Азиядағы ең үлкен театр Қазақстанда орналасқан. «Астана Опера» театрын 33 елдің мамандары үш жыл салды. Қазақстанның төл валютасы- теңге. Ұлттық валюта үш рет 2011, 2012 және 2013 жылдары дүниежүзіндегі ең үздік қағаз ақша ретінде танылды. Алғашқы қазақстандық ақшалар Лондонда шығарылды.

Міне, менің елім- осындай! Осындай еліммен мақтанамын! Елімді көркейту- жастардың қолында. Қазақстанның болашағы-бүгінгі жас ұрпақ, бізбіз. Біз тәуелсіз, егеменді елде тұрамыз. Бұл тәуелсіздік бізге оңай келген жоқ, біздің ұлан- байтақ жерімізді ата- бабаларымыз жаудан аман- есен сақтап, жеткізді. Сол үшін біз оларға қарыздармыз. Олар жанын салып қорғап, ғасырлар бойы күресіп, сақтап қалды. Оны болашақ ұрпаққа сақтап жеткізу- біздің міндетіміз. (300 сөз)

1-тапсырма. Мәтіннен мына сөздердің сәйкес мағыналарын табыңыз.

Сұлу – _____ [1]

Әлемдік – _____ [1]

Кісі – _____ [1]

Шаһар – _____ [1]

Сақтап – _____ [1]

Барлығы: [5 балл]

2-тапсырма. Төменде берілген әр сөйлемді өз сөзіңізбен қайта жазыңыз.

Сөйлемдерді берілген сөздермен бастаңыз.

Әр сұрақтың балы жақшада берілген. Тіл сапасына қосымша 5 балл беріледі.

Мысалы: Жер көлемі жағынан әлем елдерінің ішінде 9-орын алады.

Әлем елдерінің _____ [1]

Жауабы: Әлем елдерінің арасында жер көлемі бойынша 9-орынға ие.

1. Қазақстан Шығыс Еуропа мен Орталық Азияда орналасқан мемлекет

Шығыс Еуропа _____

_____ [1]

2. Қазақстан- табиғи ресурстарға өте бай мемлекеттің бірі.

Табиғи ресурстарға _____

_____ [1]

3. 1998 жылы ЮНЕСКО бас қаланы «Бейбітшілік қаласы» деген атауға сай деп танып, медальмен марапаттады.

ЮНЕСКО _____

_____ [1]

4. Бразилияда өткен дүниежүзілік байқауда әлем бойынша 12 жас қаланың ішінен Астана жоғары атақты иеленді

Әлем бойынша _____

_____ [1]

5. Әлемдегі ең биік түтін мұржасы Екібастұз қаласында орналасқан.

Екібастұз қаласында _____

_____ [1]

6. Байқоңыр- әлемдегі бірінші және ең үлкен ғарыш айлағы.

Ең үлкен _____

_____ [1]

7.«Байқоңыр» ғарыш айлағынан бірінші рет адамзат ғарышқа ұшқан.

Адамзат _____

_____ [1]

8. Медеу- әлемдегі ең биік орналасқан жасанды мұз айдыны.

Әлемдегі ең биік _____

_____ [1]

9. «Астана Опера» театрын 33 елдің мамандары үш жыл салды.

33 елдің мамандары _____

_____ [1]

10. Ұлттық валюта үш рет 2011,2012 және 2013 жылдары дүниежүзіндегі ең үздік қағаз ақша ретінде танылды.

2011,2012 және 2013 жылдары _____

_____ [1]

Барлығы: [10+5=15 балл]

3-тапсырма. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз. Мүмкіндігінше, өз сөзіңізбен жауап беруге тырысыңыз.

Әр сұрақтың балы жақшада берілген. Тіл сапасына 5 балл беріледі.

1.Тәуелсіздік жету жолында қандай қиындықтар болды ?

_____ [1]

2. Астана қаласы туралы қандай 2 шешім қабылданды?

1. _____ [1]

2. _____ [1]

3. Ең биік түтін мұржасын қай мұнарамен салыстырады? Ол мұнараның биіктігі қанша?

1. _____ [1]

2. _____ [1]

Барлығы: [5+5=10 балл]

**Жалпы білім беретін мектептерге (арнайы) арналған
қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша қорытынды аттестаттау
9-сынып
2-нұсқа**

Нақты балл қою кестесі

Тапсырма	Сұрақ	Жауабы	Балл	Қосымша ақпарат
1	1	көркем	1	Ұсынылған сөздерге балама сөздер дұрыс жауапқа қабылданбайды. Сөздерде жіберілген орфографиялық қателер үшін балл саны шегерілмейді.
	2	дүниежүзілік	1	
	3	адам	1	
	4	қала	1	
	5	қорғап	1	
2	1	Шығыс Еуропа мен Орталық Азияда орналасқан мемлекет- Қазақстан	1	Білім алушы сөздердің орнын ықтимал жауаптардан бөлек өзгерте алады, бастысы ой мен сөйлем құрылымы сақталуы қажет. Жауаптардың ұсынылған жауаптарға жуық болуын ескеру қажет.
	2	Табиғи ресурстарға өте бай мемлекеттің бірі- Қазақстан.	1	
	3	ЮНЕСКО бас қаланы «Бейбітшілік қаласы» деген атауға сай деп танып, медальмен 1998жылы марапаттады.	1	
	4	Әлем бойынша 12 жас қаланың ішінен Астана жоғары атақты Бразилияда өткен дүниежүзілік байқауда иеленді.	1	
	5	Екібастұз қаласында әлемдегі ең биік түтін мұржасы орналасқан.	1	
	6	Ең үлкен және әлемдегі бірінші ғарыш айлағы- Байқоңыр	1	
	7	Адамзат бірінші рет «Байқоңыр» ғарыш айлағынан ғарышқа ұшқан.	1	
	8	Әлемдегі ең биік орналасқан жасанды мұз айдыны –Медеу.	1	
	9	33 елдің мамандары«Астана Опера» театрын үш жыл салды.	1	
	10	2011, 2012 және 2013 жылдары дүниежүзіндегі ең үздік қағаз ақша ретінде Ұлттық валюта үш рет танылды.	1	

<i>Тіл сапасы үшін қосымша бес балл беріледі</i>			5	
3	1	Бұл тәуелсіздік бізге оңай келген жоқ, біздің ұлан- байтақ жерімізді ата- бабаларымыз жаудан аман- есен сақтап, жеткізді.		Білім алушының мәтін ақпаратын қолданып өз сөзімен жазған жауаптары қабылданады. Бірақ жауаптар ұсынылған жауаптарға жуық болуын ескеру қажет.
	2	1. «Бейбітшілік қаласы» деп таныды. 2. Медальмен марапаттады	1	
	3	1. Эйфель мұнарасы 2. 320 метр		
<i>Тіл сапасы үшін қосымша бес балл беріледі</i>			5	
Барлығы			30	